

Кудабаева Перизат Асанбаевнаның
6D010300 – «Педагогика және психология» мамандығы бойынша
философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін қорғауға ұсынылған
«БОЛАШАҚ АҒЫЛШЫН ТІЛІ МҰҒАЛІМДЕРІНІҢ МӘДЕНИЕТАРАЛЫҚ
КОММУНИКАТИВТІК ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ»
атты диссертациялық жұмысына ғылыми кеңесшінің

ШҚІРІ

Еліміздің егеменді ел болғалы ғылым, мәдениет салаларында жасалып жатқан шаралардың барлығы жастарға жалпыадамзаттық және жеке ұлттық игіліктер негізінде тәрбие мен білім беру ісін неғұрлым жоғары деңгейге көтеруге ықпал етуде. Сондықтан қоғамдық өмірді демократияландыру және ізгілендіру жағдайында ұлттық ерекшелігімізді айқындайтын рухани мәдениетті, бәсекеге қабілетті, кәсіби құзыретті мамандарды дайындау көкейкесті мәселеге айналып отыр. Жаңа әлеуметтік мәдени кеңістіктің пайда болуы білім беру жүйесінің алдына халықаралық мәдени қарым-қатынастарды жүзеге асыра алатын, яғни мәдениетаралық құзыретті мамандар даярлауды мақсат етіп қояды.

Осы тұрғыдан алып қарағанда, Кудабаева Перизат Асанбаевнаның «Болашақ ағылшын тілі мұғалімдерінің мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру» тақырыбындағы дайындаған диссертациялық жұмысының тақырыбы өте өзекті.

Диссертант тақырыбының теориялық мазмұнын айқындау барысында алыс-жақын шетелдік және отандық ғалымдар еңбектерінің болашақ мамандардың мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырудың қажеттілігі, заманауи технологияларды қолданудың мүмкіндіктері мен әдіс-тәсілдерін, студенттердің мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырудың педагогикалық шарттары секілді мәселелерді жан-жақты талдаған. Ізденушінің зерттеу аясында отандық және шетелдік ғалымдардың ғылыми зерттеулері мен оқу-әдістемелік құралдарындағы «мәдениетаралық қарым-қатынас», «коммуникативтік құзыреттілік», «мәдениетаралық құзыреттілік» ұғымдарына берілген анықтамаларын жүйелеп, осы ұғымдардың мәні мен мазмұнын өзінің зерттеу мәселесінің мақсатына орай тұжырымды пікірін білдіріп, «болашақ ағылшын тілі мұғалімдерінің мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілігі» ұғымына анықтама берген. Бұл зерттеудің теориялық мазмұнын толықтай ашады.

Зерттеу барысында диссертант жоғары оқу орындарында студенттердің мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырудың әдіснамалық негіздерін айқындап, зерттеуге қатысты тұғырлар мен басты қағидаларды жүйелелеуі зерттеу жұмысын жан-жақты зерделей білгенін көрсетеді.

Ізденуші П.А. Кудабаева зерттеу мәселесіне байланысты құрған студенттердің мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілігін


қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі - зерттеу жұмысының құндылығы бола алады. Соның негізінде болашақ ағылшын тілі мұғалімдерінің мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырудың әдістемесі жасалып, оқу үдерісіне ендірілді. Атап айтқанда, «Болашақ маманның мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру негіздері» атты элективті курс бағдарламасы, «Communication club» үйірмесінің жұмыс жоспары, «Мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастырудағы Podcast, Wiki, Blog, Case Study, Framing технологиялары», «Мәдениетаралық коммуникация бойынша тәжірибелік тапсырмалар жинағы» атты 5B011900 - «Шетел тілі: екі шетел тілі» мамандығы студенттеріне арналған оқу-әдістемелік құралдарының құрастырылып, олардың тәжірибелік эксперименттен өткізілуі жұмыстың тәжірибелік құндылығы деп есептеймін.

Диссертациялық зерттеу нәтижелері бойынша П.А. Кудабаяеваның ғылыми еңбектері әр түрлі ғылыми басылымдарда жарық көрген. Атап айтқанда, ҚР Білім және ғылым саласындағы бақылау Комитеті ұсынған ғылыми басылымдарда, Scopus базасына енген ғылыми журналда, Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдарында, шетелдік ғылыми журналда жарияланған, сонымен қатар 2 оқу-әдістемелік құралы әзірленген.

П. Кудабаяева аталмыш зерттеу жұмысы бойынша алдына қойған мақсаты мен міндеттерінің шешімін таба отыра, ұсынылып отырған зерттеу жұмысында бүгінгі күннің талабына сай теориялық және тәжірибелік мәні бар ғылыми мәселенің шешімін тапқан.

Докторант, Кудабаяева Перизат Асанбаевнаның «Болашақ ағылшын тілі мұғалімдерінің мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру» тақырыбындағы философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін қорғауға ұсынылған диссертациялық еңбегі ҚР Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің талаптарына толық сәйкес келеді. Кудабаяева Перизат Асанбаевнаның «Болашақ ағылшын тілі мұғалімдерінің мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру» тақырыбындағы диссертациясын Абай атындағы ҚазҰПУ жанындағы 6D010000 – Білім беру (педагогикалық ғылымдар) диссертациялық Кеңесте қорғауға ұсынуға болады деп пікір білдіремін.

Ғылыми кеңесші
Сулейман Демирел Университетінің
қауымдастырылған профессоры,
«Тілдік білім беру»
кафедрасының меңгерушісі, п.ғ.д.

 Г.М. Касымова



Қолы растаймын